## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1308 Қаулысы

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес сот актілерін орындау үшін сот шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 6906076 (алты миллион тоғыз жүз алты мың жетпіс алты) теңге бөлінсін.

2. Зиян келтірген мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен оқшауландырылған қаражатты өтеу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 қарашадағы № 1308 қаулысына қосымша

## Орындауға жататын сот актілерінің тізбесі

| Р/с № | Сот органының атауы және шешім шығарылған күн | Талапкер | Мемлекеттік бажды ескере отырып, өндіріп алушының пайдасына сот шығыстары (теңге) | Мемлекеттің кірісіне мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының 2010 жылғы 22 қарашадағы шешімі,<br>Шығыс Қазақстан облыстық соты апелляциялық сот инстанциясының 2011 жылғы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 11 қаңтардағы қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық соты кассациялық сот алқасының 2011 жылғы 16 наурыздағы қаулысы, Шығыс Қазақстан облыстық соты кассациялық сот алқасының 2011 жылғы 8 сәуірдегі қаулысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасының 2011 жылғы 12 мамырдағы қаулысы, Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының 2011 жылғы 13 маусымдағы ұйғарымы | А.И.Киреенок | 5 4 4 5 5 4 7<br>1 7 4 5 1 7<br>25000 | |
| 2 | Жамбыл облысы Тараз қалалық сотының 2010 жылғы 30 қарашадағы шешімі, Жамбыл облыстық соты аппеляциялық сот алқасының 2011 жылғы 27 қаңтардағы қаулысы,<br>Жамбыл облыстық соты кассациялық сот алқасының 2011 жылғы 16 наурыздағы қаулысы,<br>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалау сот алқасының 2011 жылғы 4 тамыздағы қаулысы | Г.И.Сулейманов | 1000000 | |
| 3 | Қостанай облысы Қостанай қалалық сотының 2010 жылғы 15 қарашадағы шешімі, Қостанай облыстық соты аппеляциялық сот алқасының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысы, Қостанай облыстық соты кассациялық сот алқасының 2011 жылғы 9 ақпандағы қаулысы | А.А.Керімов | 150000 | |
| | Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 1997 жылғы 14 тамыздағы шешімі, Алматы қаласы Алмалы аудандық сотының 2002 жылғы 8 наурыздағы | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | ұйғарымы, Алматы қалалық соты қадағалау алқасының 2004 жылғы 23 ақпандағы қаулысы, Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2007 жылғы 14 қыркүйектегі ұйғарымы | Е.И.Пак | 17280 (2011 жылғы 1 қазаннан бастап 30 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде) | |
| 5 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2003 жылғы 15 қыркүйектегі шешімі, Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысы, Астана қаласы сотының қадағалау алқасының 2005 жылғы 30 маусымдағы қаулысы | Ф.М.Кәрімов | 93732 (2011 жылғы 1 қазаннан бастап 30 желтоқсанды қоса алғандағы кезеңде) | |
| **Жиыны:** | **6906076** | | | |
| **Жалпы сомасы:** | **6906076** | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК